

Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарты

1. Жалпы ережелер

1.1. Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарты (ары қарай - сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарты), Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені бекіту туралы» 31.03.2023 жылғы №112 Бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарт ұйым қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеуге бағытталған.

1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандартты әзірлеу міндеттері:

1) қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және олардың жағымсыз салдарларының алдын алу.

1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарттың қағидаттары:

1) заңдылық;

2) ашықтық;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысын болдырмау болып табылады.

1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарт белгіленген қағидаларды мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған ұйымдарда жұмыс істейтін адамдардың әрекеттері мен шешімдерін анықтайды.

1.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарттың негізіне, сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-әрекеттер жатыр:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарт қамтитын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;

3) тисті, қызмет саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастарда.

2. Мекемеде жұмыс істейтін тұлғалардың мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарт қамтитын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

- 1) Қазақстан халқының бірлігін және елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау;
- 2) адал, әдепті, қарапайым болуға, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестермен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту;
- 3) қабылданған шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;
- 5) өз іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сын тудырмау, сын үшін қудалауға жол бермеу, сындарлы сын-пікірді кемшіліктерді жою және қызметін жақсарту үшін пайдалану;
- 6) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;
- 7) заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылық пен өзге де құқық бұзушылықтардың жасалуына жол бермеу.

2.2. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

- 1) өзінің немесе тікелей басшысының мүдделер қақтығысының, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілік, сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа бейімділік және сыйлық алудың туындауы туралы хабарлау;
- 2) қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау;
- 3) әріптестер мен басшыларға өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың бейтарап қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштермен жүгінуден бас тарту;
- 4) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу және көтермелемеу;
- 5) әріптестерге, басшыларға және басқа да лауазымды тұлғаларға сыйлық бермеуге және қызметтік өкілеттіктерді пайдалана отырып, мүліктік пайда, жеңілдіктер немесе артықшылықтар алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;
- 6) лауазымдық өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтарды қабылдамау;
- 7) мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды алу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;
- 8) егер ол жақын туыстық қатынастағы адамдардың (ата-аналары, жұбайлары, бауырлары, әпкелері, балалары) тікелей бағыныстылығымен немесе бақылауында болуымен байланысты болса, лауазымға тағайындалудан бас тарту;
- 9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда белсенділік таныту.

10) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы басшылыққа дереу хабарлау;

11) орындау үшін алынған бұйрықтың заңдылығына күмәнданғаны туралы тікелей басшыға дереу жазбаша хабарлау;

12) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына қатысы бар болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;

13) қолдау көрсету және әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қолдауды талап ету;

14) мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындау себептері мен жағдайларын және олардың салдарын жою жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдау;

15) табыс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдем көрсетуден бас тарту;

16) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе мүдделік қолдау жасаудан, сол сияқты олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан бас тарту.

2.3. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ұсынылады:

1) тұрақты негізде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

2) мемлекеттік қызметтерді алуға өтініштерді қарау кезінде әуре-сарсаңға салу фактілеріне жол бермеу;

3) мемлекеттік қызметтерді алуға өтініш берушілермен қызметтен тыс қатынастарға түспеу;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеген кезде басшылыққа баяндау;

5) мемлекеттік қызметтерді алуға өтініш берушімен тікелей байланысты барынша азайту;

6) мемлекеттік қызмет көрсету үшін бекітілген тізбеге кірмейтін қосымша құжаттарды ұсынуды талап етпеу және сұратпау.

2.4. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде лауазымды тұлғаларға ұсынылады:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3) әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік;

4) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін көлемде отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен қызметтер көрсететін отандық жеткізушілерге қолдау көрсету;

6) сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу;

7) осы әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының жақын туыстарының, жұбайларының немесе туыстарының және (немесе) өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдауға құқығы бар немесе тапсырыс берушінің өкілдері болып табылатын осы әлеуетті өнім берушінің өкілетті өкілі немесе

жүргізіліп жатқан мемлекеттік сатып алуда мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға жүргізіліп жатқан мемлекеттік сатып алуға қатысуына жол бермеу;

8) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген, ол тартқан әлеуетті өнім беруші және (немесе) қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.

2.5. Мекеме қызметкерлерін/жұмысшыларын іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде ұсынылады:

- 1) меритократия принципін ұстану;
- 2) тағайындауға арналған материалдарды қараудың белгіленген мерзімдерін сақтау және бақылау;
- 3) жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлерге қойылатын негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;
- 4) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарын сақтау;
- 5) мемлекеттік қызметшілердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;
- 6) жұмысқа үміткерлерден еңбек шартын жасасуға қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;
- 7) қызметкерлерге қатысты қызметтік тексерулерді объективті және жан-жақты жүргізу.

2.6. Қызмет саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастарда:

- 1) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 2) бағынысты лауазымды тұлғалардың міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін тура және нақты айқындау;
- 3) бағыныстағы жауапты тұлғалар арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;
- 4) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;
- 5) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдаланбау;
- 6) қарамағындағыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;
- 7) бағынышты және басқа да лауазымды адамдар тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және жолын кесу;
- 8) өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында ұжымда туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша толық шараларды уақтылы қабылдау;
- 9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға бағытталған кешенді шараларды қабылдау;

10) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, оның ішінде қарамағындағыларға да қатысты, жою;

11) қарамағындағыларды қоса алғанда, қызметтік немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін оларды тартуға жол бермеу.